

**«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің  
экономика және қаржы бөлімі» КММ сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдерінің ішкі талдау қорытындысы бойынша талдамалық  
анықтамасы**

Басшының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 23-н/қ бұйрығы негізінде «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау кезеңі 2023 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 30 сәуірге дейін.

Талдау жүргізу кезеңі 2023 жылғы 26 мамырдан бастап 2023 жылғы 19 маусымға дейін.

Жұмыс тобының құрамы:

Майра Ермекқызы Сәдуова - әлеуметтік-экономикалық даму, бюджетті жоспарлау және атқару секторының меңгерушісі;

Елена Николаевна Сушко - бюджетті жоспарлау бойынша бас маман;

Елена Александровна Дыкина - бюджеттік есептілік және аудан бюджетінің атқарылуы бойынша бас маман;

Төлеген Күпәшұлы Мұқашев - «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Солтүстік Қазақстан облысының Есіл аудандық филиалының төрағасы (келісім бойынша).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыты:

I. Талдау объектісінің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

II. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету.

4. Бақылау функцияларын іске асыру.

5. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер.

«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Бөлім) аудан бюджетінен қаржыландыратын, экономика, бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару салаларында басшылықты жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің уәкілетті мемлекеттік органы болып табылады. Өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне,

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына; Бөлімнің ережесіне және экономика, бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару саласындағы өзге де құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Бюджет кодексіне, Еңбек кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес бекітіледі. Штаттық кестеге сәйкес 8 бірлікте мемлекеттік әкімшілік қызметші қарастырылған, нақты саны – 8 бірлік.

Лауазымға тағайындау конкурстық негізде жүргізіледі. Конкурстық іріктеуді ресми өткізу жоқ. Барлық мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Оқудан өту, қызметкерлердің біліктілігін арттыру мерзімдері мен тәртібі сақталады.

Талданып отырған кезеңде экономика және қаржы бөлімінің мемлекеттік қызметшілері мемлекеттік қызметке кір келтіретін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен тәртіптік теріс қылықтар жасаған жоқ. Теріс себептермен мемлекеттік қызметтен босатылған қызметкерлер жоқ. Сот талқылауларына қатысқан жоқ.

Қызметкерлердің лауазымдық функцияларын орындау кезінде мүдделер қақтығысы фактілері жоқ.

Жақын туыстарының, жұбайларының және жекжаттарының бірлескен қызметі (жұмысы) фактілері жоқ.

«СҚО Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ электронды түрде 1 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

«Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» (ЖАО);

Экономика және қаржы бөлімі өз жұмысында Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығымен бекітілген, Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын басшылыққа алады.



Бақылау-тексеру функциялары жоқ.

Талданатын кезеңде 2023 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 30 сәуірге дейін барлығы 18 мемлекеттік сатып алу өткізілді, оның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрау әдісімен-3,
- тікелей шарт жасасу әдісімен бір көзден-4,
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден-8;
- негіздемелік келісімді қолдану конкурсы әдісімен-3.

Тікелей қорытынды әдісімен сатып алуды жүргізу кезінде өнім берушілердің баға ұсыныстары, баламалы ұсыныс және Мемлекеттік сатып алу порталында орналастырылатын баға модулі, «Шарттарды тікелей жасасу жолы арқылы бір көзден» әдісімен тапсырыс берушілер шарттарды жасасуға құқылы тасымалдаушыларды мерзімінде тексеруді таңдау үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде бұзушылықтарға жол берілген жоқ. «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 5-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар айына екі рет жүргізіледі. Барлық шарттарға қол қойылды, қысқа мерзімді орындалды, ұзақ мерзімді (қызметтер) ағымдағы жылдың соңына дейін орындалатын болады. Мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асыру кезінде аффилиирлену фактілері жоқ.

Құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында жалпыға бірдей құқықтық оқыту бойынша сабақтар үнемі өткізіліп тұрады.

Экономика және қаржы бөлімінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша стенд ресімделді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша ақпарат бөлімнің ресми сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінде орналастырылған.

Жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған жәшік ресімделді, ол пломбаланып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі хабарламалардың бар-жоғына апта сайын тексеріледі. Қазіргі уақытта өтініштер түскен жоқ.

2023 жылғы 30.06.

М.Е.Сәдуова

Е.Н.Сушко

Е.А.Дыкина

Т.К.Мұқашев

